

Театр адамға қаншалықты пайдалы?

Бүгінгі күнде театр адамдардың санасында қызықсыз әрі жалықтыратын орын ретінде қалыптасқан. Алайда түсіне білген адамға театр тек сахнадағы ойын емес, ол адамның рухани байлығын, ой-өрісін дамытатын орта.

Әрбір адам өмірінде бір рет болсын театрға баруы міндетті. Адамдар театрға барған сайын өзгелердің ой-пікірін, эмоция-сын түсінуге үйренеді. Спектакль бізге тек қойылым ғана қоймай, әлеуметтік мәселелерді көтереді. Комедия, драма -әрқайсысы ерекше әсер қалдырады.

Театр-адамға шығармашылық дамуда алға жетелейді, сезімге толы әлемді ашады. Мысалы, театрға барған әрбір адам өте білімді, әрі шығармашыл жандар, себебі сахнадағы әрбір көрініс ұлттық дәстүріміз бен мәдениетімізді сезінуге мүмкіндік береді. Мәселен, көптеген жазушылардың романдарын театрдан тамашалаған ерекше әсер береді.

Театр -тек сахнадағы қойылым емес, ол рухани даму, өнеге мен мәдениетті өз бойыңа сіңіру.

Театр сахнасында көрсетілетін әрбір қойылым өмірден алынған. Онда қуаныш пен қайғы, адалдық пен сатқындық, арман мен шындық қатар көрініс табады. Көрермен спектакльді тамашалай отырып, өз өмірімен салыстырады, қателіктері мен дұрыс шешімдері туралы ойға қалады. Бұл – театрдың басты ерекшелігі.

Қазақстан театрларында қойылатын ұлттық қойылымдар арқылы халықтың тарихы мен мәдениеті танылады. Батырлар бейнесі, салт-дәстүр, ұлттық құндылықтар жас ұрпақтың санасында сақталады. Театр адамды рухани тәрбиелеп, мәдениетті болуға үйретеді.